


«Балалардың білгені, тапқан-таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырып, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі шарт. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінше ұмытпайды»

Ж.Аймауытов


Әңгімелерді оқытуда проблемалық талдау әдістерін қолдану

- 
- Проблемалық оқыту дегеніміз не?
 - Проблемалық оқытудың мақсаты қандай?
 - Проблемалық оқытудың ерекшелігі неде?
 - Оны сабақтарда қалай қолдануға болады?



“8 минуттық кітап оқу” жобасы оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру проблемасын шеше ала ма?





Проблемалық оқыту мәні проблемалық ситуация туғызу мен оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі.

Проблемалық оқыту әдісі – оқушыларға пән мазмұнына байланысты дайын білімнің көшірмесін алуды үйрету емес, олардың ой-өрісін, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық әрекетін дамытуға негізделген.

Қ.О.Бітібаеваның проблемалап оқыту сабақтарынан үлгі

Абай:	Құнанбай:
<p>Тоқтат! Өлтіртпеймін! Аузыңда алла, шеңгеліңде қан. Тағы қан! Бұларды шарифат та қосады. Бір кезек, сол шарифат жолы деп, бір нақақ қан төгіп ең...</p> <p>Болсын солай! Менімен! Неге өлмейсің тынышыңмен сен! Заман сенікі емес, менікі! Нең бар?</p>	<p>Арам! Шық, жоғал көзімнен, азғын! Аздырасың, сен бе! Аздырасың! Сенен, бәрі сенен!</p> <p>Ә,ә, солай дедің бе, жеттің бе соған?! Қызарып атқан таңда, мынау зауал таңда...Айттым аталық қарғысымды...!</p> <p>(Әмір мен Үмітей оқиғасына байланысты)</p>
Абай	Әбіш
<p>Ниетіміз, өзіңіз білесіз, политехникалық институт еді, өзге оқуды, осыны тәмам етіп алып, ескермекпін. “Баламды медресеге біл” деп бердім. Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім” дегеніңіз есімде, аға.</p>	<p>Ғылымның жаманы жоқ. Халқыңа басшы болар талап соңына түссең, офицер болып жүріп жетесің бе, бәрібір. Қай тұрғысына барсаң да, еліңнің мұңы мен мұқтажы мың батпан. (III кітап, 50 бет)</p>

Жетелеу сұрақтары:

1. 1-бағандағы Абай – Құнанбай диалогтеріне назар аударыңдар. Қалай ойлайсыңдар, Абай сөзі әкеге ашуланғаны ма, әлде беттен алуы ғана ма?
2. Құнанбай сөзі ше?! “Аздырасың, сен бе! Аздырасың!” – деген сөз мәніне назар аудару. Осы сөз әкенің балаға ашудан ғана туған сөзі ме?
3. 2-бағандағы Абай – Әбіш диалогінің мәніне ой салыңдар. Абай – Құнанбай диалогімен салыстырыңдар.
4. Жазушы Абай – Әбіш, Құнанбай – Абай арқылы қандай мәселе көтерген деп ойлайсыңдар?

6.1.5.1-тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру.

Мысалы: “Астана – мәдениет пен өнер” тарауы бойынша

Жағдаяттар: Құбылысқа, жағдаятқа түрлі көзқараспен (заңгердің, педагогтің, ғалымның, кәсіпкердің, экологтің позициясы тұрғысынан) қарауды ұсынуға болады. Мысалы: Астана қаласының экологиясын бұзбас үшін, оны өндірістен таза әкімшілік қала ретінде сақтау керек пе?”. Бұған сенат депутаты болсаңыз не деп жауап берер едіңіз, ал “Табиғат” экологиялық одағының төрағасы болсаңыз ше? Неге?

“Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер”

“Бәрімізге белгілі, көптеген өзендер теңіздер мен мұқиттарға барып құяды. Неге онда мұқиттар арнасынан асып, жер бетін су баспайды?”.

С. Мұратбеков “Жусан иісі”

6.2.1.1. шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңыздылығына негіздеме жасау.

Шығармадан үзінді. Бірде Аян өрістен мал қайырып келе жатып үйретемін деп, өзінің қасқа бұзауына секіріп мінген. Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп жығып кетті. Сол жолы Аянның тобығы тайып бір айдай үйінде ауырып жатты. Осыдан кеін-ақ Аянның тобығы тайғыш болып алды. Қит етіп алысса, не секірсе тобығы тайып кететін де, Аян: - Ойбай, ойбай, аяғым-ай...-деп жанұшыра бақырып жата қалатын...

Кенет бүкіл ауылды шулыға шыққан ащы дауыстар селт еткізді. Төбе құйқаны шымырлатып жоқтау айтқан дауыстар. Аянның үйінен шығып жатыр. Мұндайда балалар еліккіш келеді ғой. Сырғанакты тастай бере дәл бірдеңеден құр қалатындай бәріміз бірдей дүрліге дүркіресіп, Аянның үйіне қарай лап қойдық. Артымыз жетпей жатып, алдымыз не боп қалғанын естіп те үлгердік. «Аянның әжесі өліп қапты», – деген сыбырды алқына тұрып сүйінші сұрағандай бірімізге-біріміз жеткіздік. Жарғақ сары тон киген Аян күлімдеп тұратын қара көзі шарасынан шыға жаутаңдап, өңі боп-боз, есігінің алдында тұр екен. Үйінде көрші-қолаң әйелдер бір-бірімен шуылдаса көрісіп, азан-қазан боп жатқанмен ол көзіне жас алмапты. Біз өзара сөйлескеніміз болмаса, оған үн қатқамыз жоқ. Аян да бізді үнсіз қарсы алды. Сүйреткен шанамызға, конькиімізге көз салды. Тоңғаннан ба, танауын жиі-жиі тартып, дір-дір етеді. Күн ұясына еніп бара жатыр. Аян болса сол мелшиген күйде жалтақ-жалтақ етіп, ауылдың әр тұсынан «әжетайлап» дауыс қойып келе жатқан үлкен адамдарға қарайды.



Бұл эпизод неліктен осылай берілді?

Егер эпизод басқаша берілгенде ше?

Аянның әжесі қайтыс болмаса оқиға қалай өрбейтін еді?

Проблемалық оқыту әдісі бойынша сабақ құрылымы

1. **Проблемалық жағдаяттың, сұрақтың дұрыс қойылуы.**
2. **Оқушылардың проблемалық жағдаятты ұғынуы және оның берілуі.** Бұл үрдісті жеңілдету үшін, жетелеуші сұрақтар қоюға болады. Бірақ мұғалім қарама-қайшылықты өзі көрсетпеуі керек. Оқушылардың өздері мәселенің қайнар көзін сезінгені маңызды.
3. **Мәселенің шешімін іздеу.** Бұл кезеңдегі жұмысты түрліше ұйымдастыруға болады (оқушылардың жас ерекшелігін және сыныптың жалпы дайындығын ескере отырып).

Нұсқалары:

- Гипотезаны жинақтау “Болжау ағашы”, “Идеялар себеті” тәсілдері т.б);
 - Дискуссия құру (топпен);
 - Іздеу әрекетін ұйымдастыру (оқулықтан, анықтамалықтан, ғаламтордан)
 - Бақылау негізінде шешімді іздеу.
4. **Тиімді шешу жолын таңдау, жаңа білімнің тууы, оның талдамасы.** Проблемалық жағдаяттың барлық мүмкін болатын шешімдерін талқылай отырып, оқушылар мәселенің шешімінің басқаларға қарағанда ең дұрысын таңдайды.
 5. **Жаңа білімді қолдану және рефлексия.** Бұл – материалды бекіту кезеңі. Жаңа білімді қолдану бойынша тапсырмалар орындай отырып, оқушылар дұрыс шешімнің қабылдағанына тағы бір рет көз жеткізеді.
 6. **Тексеру, білімді бақылау.**



Жай сұрақты проблемалық сұраққа айналдыру



Оралхан Бөкей “Тортай мінер ақ боз ат” “әңгімесі

Жай сұрақтар	Проблемалық сипаттағы сұрақтар
Тортай неге өз арманына жете алмады?	Тортай арманының орындалмауының басты себебі не деп ойлайсың?
Айналамызда Тортай сияқты балалар бар ма?	Қалай ойлайсың, қазіргі заманның Тортайы кімдер?
Әңгіме неге “Тортай мінер ақ боз ат” деп аталды?	Әңгіменің “Тортай мінер ақ боз ат” деп аталу себебі? Өзің басқаша қалай атар едің?

Асқар Алтай “Прописка” әңгімесі

Жай сұрақтар	Проблемалық сипаттағы сұрақтар
Әңгіменің “Прописка” деп аталу себебі қандай?	Әңгіме не себепті “Прописка” деп аталған? Қазіргі өмірмен қалай байланыстырасың?
Әңгіменің негізгі идеясы қандай?	Әңгімеде көтерілген мәселенің қазіргі таңда өзектілігі жайлы не айтар едің?
“Архат – өрлік пен ерліктің символы” деген пікірмен келісесің бе?	Қалай ойлайсың, “Архат – өрлік пен ерліктің символы” бола ала ма? Қалай дәлелдер едің?

Төлен Әбдіков “Қонақтар” әңгімесі

Жай сұрақтар	Проблемалық сипаттағы сұрақтар
Әңгіме неге қонақтар деп аталған?	Қалай ойлайсыңдар, әңгіменің “қонақтар” аталуының мәні неде? Автор “қонақтар” ұғымы арқылы бізге не айтқысы келді?
Ата-ана алдындағы парыз дегеніміз не?	Ата-ана алдындағы парыз дегенді қалай түсінесіңдер?
Перзенттің ата-анаға деген махаббаты ақшамен өлшене ме?	Қалай ойлайсың, махаббатты ақшаға сатып алуға бола ма? Сапабек үшін мансап, жұмыс бірінші кезекте, ал сен қалай жасар едің?

М.Әуезов “Көксерек” әңгімесі

Жай сұрақтар	Проблемалық сипаттағы сұрақтар
Шығармада адам мен табиғат арасындағы байланыс қандай? Өз көзқарасыңды айт?	Қалай ойлайсыңдар, адам табиғатты өз ырқына бағындыра ала ма? Табиғат пен адам егіз ұғым келсер ме едің?
Жазушы осы шығарма арқылы не айтқысы келді?	Жазушы адам мен табиғат арасындағы байланыс пен қайшылықты қалай көрсеткен? Қандай ой түйдіңдер?
“Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды” деген даналық ойдың беретін мағынасы қандай?	Қалай ойлайсың, “Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды” деген даналық ойдың беретін мағынасы осы әңгімемен қаншалықты байланысты?

Қ.О.Бітібаеваның М.Әуезовтың “Қараш-қараш оқиғасы” Бақтығұл бейнесі бойынша жай сұрақтар мен проблемалық сұрақтар арасындағы айырмашылықты талдауы

Жай сұрақтар	Проблемалық сипаттағы сұрақтар
1. Бақтығұл қандай кейіпкер? Ол неге Жарасбайды барып паналайды? Осы әрекеті дұрыс па?	Қалай ойлайсындар, Бақтығұл кім? Ол Сәлмен мен Жарасбайдың “кұрбаны” ма, әлде кек алушы күрескер ме? Немесе қорғансыз сорлы ма?
2. Бақтығұл Жарасбайды неге өлтірді?	Бақтығұлдың Жарасбайды өлтіруінде қылмыстық іс-әрекет бар ма?
3. Ұрлыққа, барымтаға бару себебін түсіндіріңдер? Оны мұндай әрекетке кім жұмсайды?	Жаратылысында ары таза Бақтығұл соншама азғындап, ұрлық жолына неге түседі? Кінәлы кім?
4. Бақтығұлдың іс-әректін түсіндіріңдер? Ұрлық жасауы, кісі өлтіруі дұрыс па?	Бақтығұлдың іс-әрекеті, мақсаты саналы іс-әрекет пе, әлде кектен, өш алудан туған іс-әрекет пе?
5. Бақтығұлдың Сәлменнен кетіп, Жарасбайдан пана іздеуі дұрыс па?	Қалай ойлайсындар, Бақтығұлдың басты қателігі, адасуы деп, нені айтар едіңдер?
6. Бақтығұл арқылы жазушы не айтпақ болған? Ол Бақтығұлды жақтай ма, жоқ па?	Бақтығұл бейнесінің негізінде жатқан проблема туралы не айтар едің? Автордың оған көзқарасы туралы қандай ойдасың?

Проблемалық оқытудың нәтижесі

- Оқушы бойында ББД-ның (білім, білік, дағды) қажетті көлемін қалыптастырады;
- Шығармашылық ойлау және өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамытады;
- Өздігінен білім алу қабілетін шыңдайды;
- Зерттеушілік белсенділігін қалыптастырады.